

Аудан әкімдігінің 2013 жылғы 22 қаңтардағы "Май ауданында халықтың нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" N 19/01 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 28 қазандағы N 288/10 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 12 карашада N 3613 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 23 маусымдағы N 198/6 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 23.06.2014 N 198/6 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес Май ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2013 жылғы 22 қаңтардағы "Май ауданында халықтың нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" N 19/01 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3414 тіркелді, 2013 жылғы 16 ақпанда Май аудандық "Шамшырақ" N 7 (8094) газетінде жарияланды) келесі өзгеріс енгізілсін:

қаулының кіріспесінде "Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына," деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Ғ. И с а х а н о в а ғ а жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Жармағамбетов